

БЕКІТЕМІН:

Мектеп директоры

Байсейтова Г.С.

«31» 08 2022 ж.

**КЕЛІСІЛДІ:**

Оқу ісінің меңгерушісі

Кучеровская Ю.В.

«31» 08 2022 ж.

**2022-2023 оқу жылына арналған
қоғамдық-гуманитарлық пәндер
әдістемелік бірлестігінің
жұмыс жоспары**

№	Тақырыптары	Уақыты	Жауапты
1	Бірлестіктің өткен 2021 - 2022 оқу жылындағы жұмысына талдау және бірлестіктің жаңа оқу жылына жұмыс жоспарымен таныстыру, талдау, бекіту	тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
2	2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен танысу	тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
3	Әдістемелік нұсқау хат негізінде үй тапсырмасы мен дәптерлерге қойылатын талаптарды хаттамалау, талқылау, бекіту	тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
4	Оқу бағдарламаларын талдау	тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
5	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды карау, бекіту	тамыз	ӘБ жетекшісі
6	Үйірме, факультатив жұмыстарының ұйымдастырылуы, жұмыс жоспарларын карау, бекіту	тамыз	ӘБ жетекшісі
7	Оқу жылы басындағы негізгі пәндер бойынша оқулықтарға сараптама	тамыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
8	5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі және қоғамдық пәндерден қиындықтарын анықтау	әр тоқсанның соңында	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
9	Пән бойынша ғылыми-әдістемелік басылымдармен танысу және жаңалықтарды практикаға ендіру	жыл бойы	Пән мұғалімдері
10	Мұғалімнің кәсіби күзіреттілігін дамытуға, білімін жетілдіруге арналған курстарға қатысу	жыл бойы	Пән мұғалімдері
11	Мұғалімдердің біліктілігін арттыру. Түрлі аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі онлайн, оффлайн конференция, семинарлар, байқауларға қатысу	жыл бойы	Пән мұғалімдері
12	Жас маманмен жұмыс жоспарын құрастыру	қыркүйек	ӘБ жетекшісі
13	«Күнделік кз» журналының бағдарламаға сәйкес	жыл бойы	Пән мұғалімдері

	сапалы толтырылуын қадағалау		
14	«Bilimland» кешенін оқыту үрдісіне пайдалану, тәжірибе алмасу	жыл бойы	Пән мұғалімдері
15	Халықаралық, республикалық қашықтық олимпиадаларға, байқауларға қатысу	жыл бойы	Пән мұғалімдері
16	Жиынтық бағалау жұмыстарының (бөлім бойынша, тоқсан бойынша) жүргізілуін тексеру	тоқсан барысында бір рет	ӘБ жетекшісі
17	Аудандық, облыстық республикалық пәндік олимпиадаларға, байқауларға қатысу	жыл бойы	Пән мұғалімдері
18	Тәжірибе алмасу мақсатында мектепшілік ашық сабақтар, сыныптан тыс шараларға қатысу	ай сайын	Пән мұғалімдері
19	«Қазақстан халықтарының Тілдер күні мерекесін» арнайы жоспарға сәйкес өткізу	5-16 қыркүйек	Пән мұғалімдері
20	Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығына орай «М.Әуезов және Абай» әдеби кеш	Тілдер онкүндігі аясында	Ерлан А., Рамазанова А.Е.
21	Қоғамдық пәндерден білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында диагностикалық бақылау жұмыстарын өткізіп, олқылық жоспарын құрастыру	қыркүйек	Пән мұғалімдері
22	Пән мұғалімдерінің жеке шығармашылық папкасын жинақтау	қыркүйек	Пән мұғалімдері
23	Біліктілік санатын көтеретін пән мұғалімдері жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері
24	Өз білімін жетілдіру жоспарын, жеке шығармашылық ізденіс тақырыбы бойынша жоспар жасау және жоспарға сай жұмыстану	қыркүйек	Пән мұғалімдері
25	Қабілетті балалардың тізімін жасақтау, нақты жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері
26	Үлгерімі төмен балалардың тізімін жасақтау, нақты жұмыс жоспарын құру	қыркүйек	Пән мұғалімдері
27	«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы бойынша «Бала би» аудандық шешендік шеберлігінің байқауына қатысу	Аудандық жоспарға сәйкес	Тіл мамандары
28	Оқушыларды «Ақбота» интеллектуалды байқауына қатыстыру	қыркүйек-қазан	Пән мұғалімдері
29	Қоғамдық пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуын бақылау	тоқсанына бір рет	ӘБ жетекшісі
30	МОДО-ға дайындық жоспарын құрастыру, жоспарға сәйкес жұмыс жасау	қазан	Пән мұғалімдері
31	Пән кабинеттерінің бүгінгі күн талабына сай қайта жабдықталуын қамтамасыз ету, бақылау	қазан	ӘБ жетекшісі
32	Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын талдау	қараша	Пән мұғалімдер

33	Мектепшілік қазақ тілі, шет тілі, орыс тілі пәндерінен пәндік олимпиадаларды өткізу	қараша	Пән мұғалімдері
34	«Ағылшын тілі» пәнінің апталығын өткізу	7-11 қараша	Аманжолова Л.А.
35	Тәжірибе алмасу: Баяндама: «Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану»	қараша	Ерлан Алмажан
36	I тоқсанның қорытындысы: Оқушылардың білім сапасының көрсеткіші, нәтижелері	қараша	ӘБ жетекшісі
37	Қоғамдық пәндерден жұмыс дәптерлерінің жүргізілу жағдайын қадағалау	жыл бойы	ӘБ жетекшісі
38	«Қазақстан тарихы» пәнінен пәндік апталық өткізу	5-09 желтоқсан	Саргазина Б.Т., Кучеровская Ю.В.
39	«Тәуелсіздік – баға жетпес байлығым» атты мектепшілік мәнерлеп оқу, эссе байқауын ұйымдастыру	желтоқсан	Сейткужина А.Т. Хамзина А.Н.
40	«Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» «Абай және Пушкин – екі жүректің үндестігі» әдеби кеш	10 желтоқсан	Тыртышникова О.В., Ерлан А.
41	Оқушыларды аудандық пән олимпиадаларына катыстыру, дайындау	желтоқсан	Пән мұғалімдері
42	Педагогикалық басылымдарға жазылып, интернет ресурстарын жинақтау	желтоқсан	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
43	II тоқсанның қорытындысы: Оқушылардың білім сапасының көрсеткіші, жетістіктері	қаңтар	ӘБ жетекшісі
44	Баяндама жасау. Тақырыбы: “Тарих сабағында жаңаша әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту”	қаңтар	Саргазина Б.Т
45	Қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін пән мұғалімдерінің жұмыстарының жарты жылдық есебі	қаңтар	Пән мұғалімдері
46	Оқушылардың «Зерде» ғылыми-тәжірибелік жұмысына қатысуы	қаңтар	Пән мұғалімдері
47	Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай көркем сөз оқу сайысы	ақпан	Рамазанова А.Е.
48	Пән бойынша ашық сабақтар беру	Апталықтың жеке жоспарына сәйкес	Пән мұғалімдері
49	«Кио» республикалық байқауына қатысу	жыл бойы кестеге сәйкес	Пән мұғалімдері
50	Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларға қатысу (арнайы жоспарға сәйкес)	наурыз	Пән мұғалімдері

51	Аудандық сайысқа қатысу «Үздік педагог - 2021»	Наурыз-сәуір	Пән мұғалімдері
52	III тоқсанның қорытындысы: Оқушылардың білім сапасының көрсеткіші, жетістіктері	наурыз	ӘБ жетекшісі
53	Баяндама жасау. Тақырыбы: «Ағылшын тілі сабағында дидактикалық ойындар арқылы коммуникативтік құзыреттілікті дамыту»	наурыз	Аманжолова Л.А.
54	Дөңгелек үстел барысында қабілетті балалармен жұмыс тәжірибесімен бөлісу	наурыз	Пән мұғалімдері
55	Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің ашық сабақтарын талдау	наурыз	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
56	«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен пәндік апталық өткізу	10-14 сәуір	Ерлан А., Рамазанова А.Е., Сейткужина А.Т.
57	«Орыс тілі» пәнінен пәндік апталық өткізу	17-21 сәуір	Тыртышникова О.В., Хамзина А.Н.
58	Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмыстарына тарту, ғылыми жобаға қатысу	сәуір	Пән мұғалімдері
59	Мектепшілік Абай, Махамбет оқуларын өткізу	сәуір	Пән мұғалімдері
60	Аудандық Абай, Махамбет оқуларына қатысу	сәуір	Пән мұғалімдері
61	Эссе байқауы «Егер мен адамдарға жақсылық жасасам»	20 сәуір	Сейткужина А.Т.
62	Әдістемелік кеңестің жыл бойындағы жұмысының алдын-ала талқылау	сәуір	ӘБ жетекшісі
63	Бірлестік мұғалімдері шығармашылық тақырып бойынша есеп беру	мамыр	Пән мұғалімдері
64	Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау	мамыр	ӘБ жетекшісі
65	IV тоқсанның қорытындысын шығару	мамыр	ӘБ жетекшісі
66	Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға мектепшілік кестеге сәйкес даярлық жүргізу	мамыр	Пән мұғалімдері
67	2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына қорытынды талдау	мамыр	ӘБ жетекшісі
68	Келесі оқу жылына жоспар құру	мамыр	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері

ӘБ жетекшісі: Ерлан Алмажан

ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БІРЛЕСТІГІ ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Мерзімі: 27.08. 2022 ж.

Қатысқаны: бәрі

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын талқылау.
2. Күнтізбелік – тақырыптық жоспарды, арнайы курстарды, факультатив сабақтарын бекіту.
3. Әдістемелік бірлестіктің жоспарын бекіту, мектепшілік қабілетті және үлгерімі төмен оқушылардың тізімін жасақтау

Тыңдалды:

I. Бірінші мәселе бойынша оқу – ісінің меңгерушісі сөз сөйледі. Онда нұсқаулық - әдістемелік хаттың негізгі жағдайларымен таныстырып, Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі ҮОЖ), (өзгерістер мен толықтырулармен) негізінде жүзеге асатынын айтты.

II. Екінші мәселе бойынша бағдарламаға сай тақырыптық-күнтізбелік жоспарды, арнайы курс және факультативтік сабақтарды әдістемелік бірлестікте бекіту туралы қорытынды жасалды.

Факультатив сабақтар:


1. Ерлан А. «Журналистика негіздері»
2. Хамзина А.Н. «Дебат қозғалысы»
3. Саргазина Б.Т. «Жаһандану негіздері»

III. Үшінші мәселе бойынша әдістеме бірлестіктің оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітіліп, жоспар бойынша нәтижелі жұмыстар жүргізу керектігін көрсетті. Сонымен қатар мектепшілік дарынды оқушылардың тізімі жасақталып, дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстар талқыланды.

Шешімі:

- Күнтізбелік – тақырыптық жоспар құру кезінде нұсқаулық-әдістемелік хатты негізге алу.
- Күнтізбелік- тақырыптық жоспарды бекіткізу
- Әдістемелік бірлестіктің жоспарына сәйкес қабілетті және үлгерімі төмен оқушылармен нәтижелі, жүйелі жұмыстар жүргізу

Хатшы:



Аманжолова Л.А.

ӘБ жетекшісі:



Ерлан А.

**ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР БІРЛЕСТІГІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Мерзімі: 02.11.2022ж.

Қатысқандар саны: барлығы

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:

1. № 1 отырыс қаулысының орындалуы

2. 1 тоқсан білім қорытындысы

3. Тілдер мерекесінің қорытындысы

4. Тәжірибе алмасу: Баяндама «Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану» -Баяндамашы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ерлан Алмажан

5. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын талдау

Тыңдалды:

I. Бірінші мәселе бойынша әдістемелік бірлестіктің жетекшісі Ерлан Алмажан сөз алып, 1 тоқсан бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталып, 2 тоқсанға міндеттер қойды.

II. 1 тоқсан қорытындысы талқыланып, үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізілу керектігі талқыланды.

III. Тілдер мерекесінде жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі талқыланып, жіберілген кемшіліктерге баса назар аударылды. Кемшіліктерді дұрыстау жолдары талқыланып, бағыт-бағдар берілді.

IV. «Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамашы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ерлан Алмажан өз тәжірибесінде қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолданатын жаңа технологияларды таныстырып, өз тәжірибесімен бөлісті.

V. Мектеп ішілік олимпиада тапсырмаларына қойылатын ортақ шарттар мен міндеттер талқыланып, пәндік олимпиада тапсырмаларын құрастыруға назар аударылды. Және де олимпиада жұмыстарын бақылайтын комиссия құрылды.

Шешім:

1. Пән мұғалімдері шығармашыл, күзiреттi тұлға қалыптастыру мақсатында ақпараттық- коммуникациялық технологияны әр пән сабағында тиiмдi пайдалану.
2. Интерактивтi тақтамен жұмыс жүргізудi жалғастыру
3. Мектепiшiлiк олимпиада тапсырмаларын құрастыру, олимпиадаға қатысатын оқушының дайындығына көңiл бөлу
4. Токсан қорытындысы бойынша үлгерiмi төмен оқушылармен қосымша жұмыстар жүргiзу.

Хатшы:



Аманжолова Л.А.

ӘБ жетекшiсi:



Ерлан Алмажан

**Қоғамдық- гуманитарлық пәндер
әдістемелік бірлестігі отырысының
№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Мерзімі: 05.01.2023

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Баяндама: «Тарих сабағында жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту» Баяндамашы – Саргазина Б.Т.
2. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін пән мұғалімдерінің жұмыстарының жарты жылдық есебі.
3. Пәндік апталықтардың жұмысын талдау
4. I жартыжылдық үлгерім сапасының мониторингі
5. Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің I жарты жылдық рейтингісі
6. Аттестациядан өтетін мұғалімдер жұмысын талдау

I. Тарих пәнінің мұғалімі Саргазина Бижан Туяковна «Тарих сабағында жаңаша әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамашы Бижан Туяковна өз тәжірибесінде тарих сабағында қолданатын белсенді, жаңаша әдіс-тәсілдерге тоқталып, жаңашыл әдіс-тәсілдер арқылы сабақ өткізудің тиімді жолдары туралы тәжірибесімен бөлісті. Әр түрлі оқушылар орындаған практикалық жұмыстарды көрсетіп, тиімділігін талқылады.

II. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстың нәтижелері талқыланды. Дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру, әр түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатыстыру туралы тапсырмалар берілді. Үлгерімі төмен оқушыларға арналған қосымша жұмыстар өткізуге кеңес берілді.

III. Әдістеме бірлестігінің жетекшісі караша – желтоқсан айлар аралығында кірген сабақтардың талдауын атап өтті. Мұғалімдердің сабақтарына «Пәннің сапалы оқытылуы» «Білім стандартының практикалық бөлімінің орындалуы» мақсаттары бойынша қатысып, қорытындысына тоқталып өтті. Пән мұғалімдеріне ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстарының қорытындысы талқыланды. Әр пән мұғалімі оқушылармен жүргізген жұмыстары бойынша есеп беріп, оқушылардың осыған дейінгі сол пәннен жеткен білім көрсеткіштерінің салыстырмалы мониторингін көрсетті. Жұмыста арнайы белгіленген кестеге сәйкес жалғастырып, үлгермеуші оқушылармен жұмыс жалғасын табатын болып келісілді.

Төртінші мәселе де қоғамдық пәндер бірлестігі мұғалімдерінің өткізген ашық сабақтарына талдау жасалып, ұсыныстар мен кері байланыстар берілді. Сабақ барысында қолданылған тиімді, белсенді әдіс-тәсілдер талқыланып, ол әдіс-тәсілдерді кейбір пән мұғалімдері өз тәжірибелерінде қолдануға деген қызығушылық туындағанын жеткізді.

Бесінші мәселе бойынша ҚБ, БЖБ, ТЖБ жұмыстарының жүргізілуіне, әр пәннен ҚБ, БЖБ, ТЖБ өткізу барысында кездескен қиындықтарға талқылау жасалды. Жұмыстарды талқылау барысында кейбір оқушылардың жазу каллиграфиясына назар аудару ескертілді. Және де кейбір мұғалімдерге оқушы деңгейіне сәйкес тапсырмаларды бірнеше нұсқада дайындауға кеңес берілді.

Отырыстың шешімі:

1. Баяндама қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Төмен сапа көрсеткен сыныптар мен оқушылармен қосымша жұмыстар өткізілсін.
3. ҰБТ-ға, ББЖМ-ға дайындық жұмыстары кестеге сәйкес жалғастырылсын.
4. Оқушымен жұмыс жасауда оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері оқушы деңгейіне сәйкес қолданылсын.
5. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары оқушы деңгейіне сәйкес бірнеше нұсқада құрастырылсын.

Хатшы:



Аманжолова Л.А.

ӘБ жетекшісі:



Ерлан А.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

№ 5 хаттамасы

Мерзімі: 31.05. 2023 жыл

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімдер шығармашылық тақырып бойынша есеп беру;
2. Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау.
3. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындық
4. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына қортынды талдау
5. Келесі оқу жылына жоспар құру

1. Бірінші мәселе бойынша пән мұғалімдері өз пәні бойынша осы оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Шығармашылық тақырып аясында атқарылған жұмыстардың оң нәтижесі туралы баяндап, алдағы уақытта кемшіліктерді жою бойынша қандай жұмыстар атқарылатыны туралы кеңірек талқыланды.

2. Осы оқу жылында бір мұғалім аттестациядан өтуді жоспарлаған, алайда белгілі себептерге байланысты келесі оқу жылына шегерілді. Аттестациядан өту ережесі таныстырылып, келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерге ұсыныстар айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі Кучеровская Ю.В-ға сөз берілді.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау бойынша жіберілген нұсқаулықпен пән мұғалімдерін таныстырды. Жалпы орта білім беру курсы бойынша мемлекеттік емтихан материалдары талқыланды. Қоғамдық-гуманитарлық пәннен қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиетінен өтетін мемлекеттік емтихандарға кеңірек тоқталып өтті. Комиссия мүшелері, емтихан уақыты туралы кестені таныстырды.

4. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына қортынды талдау жасалды. Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес барлық жұмыстар атқарылғаны туралы айтылды. Әсіресе, әдістемелік бірлестік жетекшісі Ерлан Алмажан пәндік апталықтарға, олимпиадалар мен конкурстарға ерекше тоқталып өтті. Оқу жылында жақсы нәтиже көрсеткен пән мұғалімдеріне алғыс айтылды. Бірлескен жұмыс алдағы уақытта да өз жалғасын табатынына тоқталып өтті.

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

№ 5 хаттамасы

Мерзімі: 31.05. 2023 жыл

Қатысқандар саны: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Мұғалімдер шығармашылық тақырып бойынша есеп беру;
2. Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерді анықтау.
3. Мемлекеттік қорытынды аттестаттауға дайындық
4. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің атқарған жұмыстарына қортынды талдау
5. Келесі оқу жылына жоспар құру

1. Бірінші мәселе бойынша пән мұғалімдері өз пәні бойынша осы оқу жылында атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Шығармашылық тақырып аясында атқарылған жұмыстардың оң нәтижесі туралы баяндап, алдағы уақытта кемшіліктерді жою бойынша қандай жұмыстар атқарылатыны туралы кеңірек талқыланды.

2. Осы оқу жылында бір мұғалім аттестациядан өтуді жоспарлаған, алайда белгілі себептерге байланысты келесі оқу жылына шегерілді. Аттестациядан өту ережесі таныстырылып, келесі оқу жылында аттестациядан өтетін мұғалімдерге ұсыныстар айтылды.

3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі Кучеровская Ю.В-ға сөз берілді.

Оқушыларды қорытынды аттестаттау бойынша жіберілген нұсқаулықпен пән мұғалімдерін таныстырды. Жалпы орта білім беру курсы бойынша мемлекеттік емтихан материалдары талқыланды. Қоғамдық-гуманитарлық пәннен қазақ тілі мен әдебиеті және орыс тілі мен әдебиетінен өтетін мемлекеттік емтихандарға кеңірек тоқталып өтті. Комиссия мүшелері, емтихан уақыты туралы кестені таныстырды.

4. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2022-2023 оқу жылындағы атқарған жұмыстарына қортынды талдау жасалды. Жыл басында бекітілген жоспарға сәйкес барлық жұмыстар атқарылғаны туралы айтылды. Әсіресе, әдістемелік бірлестік жетекшісі Ерлан Алмажан пәндік апталықтарға, олимпиадалар мен конкурстарға ерекше тоқталып өтті. Оқу жылында жақсы нәтиже көрсеткен пән мұғалімдеріне алғыс айтылды. Бірлескен жұмыс алдағы уақытта да өз жалғасын табатынына тоқталып өтті.

5. Соңғы мәселеде келесі оқу жылында атқарылатын жұмыстарға баса назар аударылып, қандай жұмыстар атқаруға болатыны туралы пән мұғалімдерінің пікірі тыңдалды. Пәндік апталықтардың, сыныптан тыс-жұмыстардың өткізілуі туралы жоспар құрастырылды.

Шешім:

-алдағы оқу жылында да шығармашылық тақырыптар бойынша жұмыстар жалғастырылсын;

-мемлекеттік қорытынды аттестаттау арнайы нұсқаулыққа сәйкес ұйымдасытырылсын;

- құрастырылған жоспарға сәйкес алдағы оқу жылында жұмыстар атқарылсын.

Хатшы:



Аманжолова Л.А.

Ә.Б. жетекшісі:



Ерлан А.